

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сыныш	Кіші топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	2 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	22.05-26.05.2023 ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сарсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	Әңгімелесу: "2-3 жасар баланың ақыл-ойының ерекшеліктері", "2-3 жасар бала өзі туралы нені білуі және айта				

әңгімелесу, кенес беру	алуы керек?".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарап және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; таңдау себебін ("маған ұнайды"), ойнамау себебін айтуда үрету ("ойнап болдым").	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалауды қадағалау; өз орамалының орнын тауып, қолын сұртіп, орнына ілуге, өзінің және өзге балалардың қол тазағылын байқауға ынталандыру, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойыншықтар бұрышында сөренің шаңын сұртуге қатыстыру; ойыннан кейін ойыншықтарды өз орындарына тізімдеп қоюға, қораптарға салуға шақыру, қадағалау, мақтау; ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты ұстап, өздігінен суаруды қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату.
Такпақты мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы. "Жауын" (орыс тілінен аударма) Мақсат-міндеттер. Балаларды, жауын	"Доптарды өз қораптарына сал" Мақсат-міндеттер. Балалардың түстерді ажырату, ойлау қабілеттерін, зейінін,	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Тауық пен балапан". Мақсат-міндеттер. Балаларға әңгіме мазмұнын мұқият	Саусақ жаттығуы. "Лағым". Балаларды такпақтағы сөздердің мағынасын түсініп, саусақтармен қимылдауға	"Мозаика" үстел ойны. Мақсат-міндеттер. Балалардың көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың	

	<p>туралы тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды</p> <p>эмоцияларды дамыту; жаңбыр жауыны туралы алғашқы ұғымдарды бекіту.</p> <p>Педагог жаңбыр туралы суретті (күннің ашылғаны да туралы) немесе бейнежазбаны көрсете алады.</p> <p>"Жауын"</p> <p>Жауын, жауын!</p> <p>Жаума! Тын!</p> <p>Жас балаларды Жаураттың.</p> <p>Х. Ергалиев, М. Әлімбаев.</p> <p>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>	<p>қолдың ұсақ моторикасын дамыту; жаттығудың нәтижесіне қуануға баулу.</p> <p>Құралдар: түсі тоғыз түрлі шақпақ ұяшықтарға бөлінген шаршы пішінді қатпа қағаз беттері, ұяшықтардың түстіре сай дәңгелектер жинақнамалары.</p> <p>Педагог допты көрсетіп, мәнерлеп тақпақты оқып береді.</p> <p>"Доп".</p> <p>Доп, доп, доп, доп домалак,</p> <p>Тыншымайсың домалап.</p> <p>Ас құйып ем күшікке,</p> <p>Үлгермеді ішіп те ...</p> <p>Төңкердің де табағын,</p>	<p>оқып беру; әңгімегі дыбыс иелерінің дыбыстарына еліктей білуге және қайталауға дағдыландауру; әңгіме тақырыбы мазмұнына сай қойылған сұрақтарға жауап беру арқылы байланыстыра сөйлеуге жаттықтыру.</p> <p>ынталандыру; ешкінің төлі лақтың қимылдарына еліктеуге дағдыландауру; есте сақтау, қуанышқа бөлену қабілеттерін, түйсіктерін дамыту.</p> <p>Балаларға лақтың суретін немесе ойыншығын көрсетіп, ұстартуға болады.</p> <p>"Лагым".</p> <p>- Секір, секір, лағым, Тартқанша құмарың!</p> <p>Желпілдесін жел күнгі,</p> <p>Жапырақша құлағың.</p> <p>Сырт-сырт етіп түяғың,</p> <p>Би билеші, лағым!</p> <p>Ырғып өтіп жырадан,</p> <p>Басына шық қияның.</p> <p>С. Желдірбаева</p>	<p>ұсақ моторикасын дамыту.</p> <p>Шарты:</p> <p>геометриялық пішіндерден салынған, педагог көрсеткен, қарапайым өрнек кілемшесін салу, педагог көрсеткен үлгіге қарап, мозаика өрнегін құрастыру.</p> <p>Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған кілемшелер, табақшаларда геометриялық пішіндердің жинақтамалары.</p> <p>Педагог баладан қандай пішіндерді қолданғанын сұрастыра алады.</p> <p>(сенсорика)</p>
--	--	--	---	--

	<p>Төгіп кеттің тамағын. Доп, доп, доп, доп домалак, Осы әдетің жаман-ақ! Ә. Кекілбаев Балалар әрбір ұяшықтың бетіне, оның түсіне сай допты салады. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>			
 Таңертеңгі жаттығу	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар.</p> <p>1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, орамалды ұшынан екі қолмен ұстай; 1–1 Орамалды жоғары көтеріп, тізеге қою; 1–2 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау).</p> <p>2. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды ұшынан екі қолмен ұстай; 2–1 еденге еңкейіп, орамал ұстаған қолды еденге тигізу; 2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);</p> <p>3. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды ұшынан екі қолмен ұстай; 3–1 бір аяқты жоғары көтеріп, тізені бүкпеуге тырысып, орамал ұстаған қолға жақында ту; екінші аяқпен де осы жаттығу қайталанады. 3–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);</p> <p>4. Орамалды бір қолға ұстап, бірінің артынан бірі жүгіру. (дene шынықтыру)</p>			
 Таңғы ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың</p>			

	<p>беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішү мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "рақмет" айтуду. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сұрту.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Қасықтарымыз біздін, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне, дәмді тағам! Міне, пайдалы ас! Қасық түк те қалдырмас!</p> <p>Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу.</p> <p>Мақсат-міндеттері: ас ішү мәдениетімен таныстыру; қасық, шанышқыны дұрыс қолдануды үйрету; тамақтанғанда сөйлемеуді әдетке айналдыру.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</p>															
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсендеде дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Жазды қарсы алайық, Аулаға шығайық, Бір-бірімізді қолпаштап, Дос болайық. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)															
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<table border="1"> <tr> <td>Дене шынықтыру "Допты қақпаға дәлдейміз".</td><td>Музыка "Еңбек түбі – зейнет".</td><td>Дене шынықтыру "Мергендікті шыңдаймыз".</td><td>Дене шынықтыру "Шынығамыз жазда".</td><td>Сенсорикадан ойын-жаттығу "Кемпірқосақ".</td></tr> <tr> <td>Мақсат-міндеттер.</td><td>Мақсат-міндеттер.</td><td>Мақсаты.</td><td>Мақсат-міндеттер.</td><td>Мақсат-міндеттер.</td></tr> <tr> <td>Балалардың допты домалату техникаларын</td><td>Балаларды әуенди тыңдау кезінде әннің сипатына сай</td><td>Балалардың допты домалату техникасын бекіту; оқу қызметін</td><td>Балаларды еденге қойылған баспалдақтан аттап жүргуге үйрету;</td><td>Балаларды біркелкі заттардың ортақ сенсорлық сипатына</td></tr> </table>	Дене шынықтыру "Допты қақпаға дәлдейміз".	Музыка "Еңбек түбі – зейнет".	Дене шынықтыру "Мергендікті шыңдаймыз".	Дене шынықтыру "Шынығамыз жазда".	Сенсорикадан ойын-жаттығу "Кемпірқосақ".	Мақсат-міндеттер.	Мақсат-міндеттер.	Мақсаты.	Мақсат-міндеттер.	Мақсат-міндеттер.	Балалардың допты домалату техникаларын	Балаларды әуенди тыңдау кезінде әннің сипатына сай	Балалардың допты домалату техникасын бекіту; оқу қызметін	Балаларды еденге қойылған баспалдақтан аттап жүргуге үйрету;	Балаларды біркелкі заттардың ортақ сенсорлық сипатына
Дене шынықтыру "Допты қақпаға дәлдейміз".	Музыка "Еңбек түбі – зейнет".	Дене шынықтыру "Мергендікті шыңдаймыз".	Дене шынықтыру "Шынығамыз жазда".	Сенсорикадан ойын-жаттығу "Кемпірқосақ".												
Мақсат-міндеттер.	Мақсат-міндеттер.	Мақсаты.	Мақсат-міндеттер.	Мақсат-міндеттер.												
Балалардың допты домалату техникаларын	Балаларды әуенди тыңдау кезінде әннің сипатына сай	Балалардың допты домалату техникасын бекіту; оқу қызметін	Балаларды еденге қойылған баспалдақтан аттап жүргуге үйрету;	Балаларды біркелкі заттардың ортақ сенсорлық сипатына												

	<p>жетілдіру; көлік туралы білімдерін толықтыра отырып, көліктердің дыбыстарын ажыратуға үрету; оку қызметіне деген қызығушылықтарын жұмбақ жасыру арқылы ояту.</p>	<p>денесімен ырғакты қозғала білуге үйрету; ақырын және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көнілді сипаттағы әнді айту кезінде әннің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үрету; ырғакты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үрету; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшеге және аяқ ұшына қоюға үрету; женіл адыммен өзін айнала адымдау және музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-</p>	<p>пысықтау; сапқа тұрып, бір қолмен алдында тұрған баланың белінен ұстап, пойыз сияқты жүру іскерліктерін дамыту; епті, шапшаң болуға тәрбиелеу.</p>	<p>еденге қойылған баспалдақтан аттап жүру техникасын менгеруғе жаттықтыру; еденге қойылған баспалдақтан аттап жүруде дене, аяқ бұлышық еттерін жетілдіру. Балаларды еденге қойылған баспалдақтан аттап жүру қабілетін дамыту; еденге қойылған баспалдақтан аттап жүру дағдыларын менгерту; еденге қойылған баспалдақтан аттап жүруде дене, аяқ бұлышық еттерін жетілдіру.</p>	<p>қарай (көлемі, пішіні, түсі) біріктіруге үрету; тапсырмаларды үлгіге немесе сөздік нұсқамаға (үлкен, кішкентай, ондай емес), зат атауына (кірпіш, шар) қарап, орындауға жаттықтыру; ұқсас пішіндер мен түстерді салыстырып, ойын барысында сәйкестендіруге дағдыландыру; іс-тәжірибелі жаттығу барысында өз әрекеттерін бақылай білу қабілеттерін арттыру; бірнеше түстердің қосылуы нәтижесінде жаңа түстердің пайда болу ерекшеліктері және кемпірқосақ туралы түсінік беру.</p>
--	---	---	---	--	---

		<p>әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; саусақтардың қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету; ойындарды ереже сақтап ойнауға үйрету; қол мен саусақ қимылдарын педагогтың көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орынданай білуге жаттықтыру; шулы музыкалық аспаптарда ақырын және қатты дыбыстарды ырғақты ойнай білуге үйрету; көктемгі егістік туралы түсінік беру.</p>		
2- таңғы ас		Тағамның атаяуын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)		

Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Көбелекті (коңызды) бақылау. (коршаған ортамен таныстыру, сойлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларды жәндіктердің (көбелектің, коңыздың) кимылдарын бақылауға үйрету, олардың ұшып-конып, гүлдердің нәрімен қоректенулерін байқауға машықтандыру; жәндіктердің қимылдарына еліктеуге ынталандыру. Көбелектер, жәндіктер Ұшып қонды	Жаңбырлы күнді бақылау. (коршаған ортамен таныстыру, сойлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларды жаңбырлы күн райын бақылауға машықтандыру, жаңбыр, кемпірқосақ құбылыстарын ажыратуға үйрету. "Жауын" - Жауын, жауын! Жаума! Тын! Жас балаларды Жаураттың. Х. Ергалиев, М. Әлімбаев Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ бұтақтарды жинауға шақыру.	Күмді бақылау. (коршаған ортамен таныстыру, сойлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларға құрғак күмның себелеп, қолдың арасынан түскенін, дымқыл күмның белгілі денеге айланатының көрсету; күмді "құрғак" немесе "дымқыл" деуге - Балалар, асфальт ынталандыру, тәжірибе жасату. - Дымқыл құм сазбалшықтай. Қолға алмайсың қалай? Қолға алса, домалатса - Болады құм бауырсақтай. Еңбекке баулу	Дөңгелек салынған суреттерді бақылау. (коршаған ортамен таныстыру, сойлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Асфальт бетіне түрлі-түсті бормен салынған дөңгелектерді бақылауға ынталандыру; - Балалар, асфальт бетінде нені көріп тұрсындар? "Күлімдеген дөңгелектер". - Дөңгелектер, дөңгелектер, Түрлі құлімдеген беттер. Міне, Дананың беті, Міне, Аланның беті,	Құмырсқаларды бақылау. (коршаған ортамен таныстыру, сойлеуді дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын жәндіктердің, құмылдарына аудару; ойлау, зейін қабілеттерін дамыту. - Балалар, мынау құмырсқалар. Қайталайықшы. Тамаша. Құмырсқалар тынымсыз жәндіктер, жанталасып жүгіріп жүреді. "Құмырсқалар". Құмырсқалар, Құмырсқалар,

	гүлдерге, Нәрін татып, нәзіктер Бау-бақшаға келуде. Д. Ахметова	Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машиқтандыру; тазалықты сақтауға деген	тапсырмалары: балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шакыру.	Міне – күлімдеген мен, Міне, күлімдеген сен. Д. Ахметова	Жұмыспенен күн қысқарап. Тыным жоқ-ау Өздерінде, Қызып алған Кездерінде Тасисындар көрінгенді, Білмейсіндер Ерінгенді. Қ. Мырзалиев
	Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы тазалауға шакыру. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машиқтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту.	Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машиқтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.	Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машиқтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды дамыту.	Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды участкедегі орындықтарды қылشاқтар арқылы құмнан тазалауға шакыру.
	"Көбелектер гүлдерге қонды" қимылды ойыны. (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды жан-жаққа еркін жүгіріп, педагог белгілеген орындарға сигнал бойынша токтап, шоқайып отыруға	- Күн шықты – балалар ойнады. - Күн тығылды – жаңбыр жауды. "Ирелендеңген жолдармен" ойын жаттығуы. (дene	Мақсат-міндеттер. Балаларға құм салынған қапшықтарды белгіленген орыннан өзінен алға неғұрлым ары лақтыруды	"Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті	Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машиқтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды

	<p>үйрету; балалардың зейінін, жылдамдығын, ойлау қабілеттерін дамыту. Педагог жерге "гұлдер" деп атап, түрлі жерге шенберлерді сыйып немесе қағаздан гүлдер киықтарын шашып, жайып қою мүмкін.</p> <p>- Көбелектер, қоныздар, Тоқтамайсындар, ұшасындар!</p> <p>Корек іздең жатсандар, Гүлдерге қонасындар!</p> <p>"Масаны ұстап ал!"</p> <p>қымылды ойыны.</p> <p>(дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларда қозғалысты көзбен көрү белгісімен үйлестіре алуын</p>	<p>шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелендеген сыйықтардың бойымен жүргүте жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу.</p>	<p>үйрету; көзбен дәлдеу қабілетін, зейінді, қол мен дене бұлышық еттерін дамыту.</p> <p>- Кім мерген болғысы келеді? Сызылып жатқан сыйықтан аспай, алға, ары қарай, лақтырып көрейік.</p> <p>Құм қашығын алайық, Алысқа лақтырайық.</p> <p>"Әткеншек"</p> <p>қымылды ойыны.</p> <p>(дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды шенберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қымылдай білу қабілетін қалыптастыру.</p> <p>Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем.</p> <p>Әткеншек-ay,</p>	<p>таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу.</p> <p>Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай қымылдарды жасауды ұсынады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жасыл таңбалауыш - қолға рульді ұстаған ұқсап, ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру; - сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау, - жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып 	<p>эмоцияларды дамыту.</p> <p>"Құмырсқалар"</p> <p>қымылды жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың бір сапқа тұрып, бір-бірінен соң жүгіре білу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Педагог балаларды өзінің сонынан сапқа тұрғызып, балаларға өзі көрсеткен бағыттарға жүгіруді қадағалайды.</p> <p>"Көлшіктен өт"</p> <p>қымылды жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін</p>
--	--	---	--	---	--

	дамытып, балаларды сигнал бойынша бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру.	әткеншек, Айнала бер бізбенен.	отыру. - Бағдаршамда жасыл шам - Жол ашық, машиналар. Бағдаршамда сары шам - Шапалақта, балалар. Бағдаршамда қызыл шам - Тоқтасын машиналар. Ойын екі рет өткізіледі. "Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (dene шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстаяға жаттықтыру; тепе- тендікті сақтауға, ептілікке баулу.	қалыптастыру; тепе- тендік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту.
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолынды жу.			

	<p>Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>
Түскі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішү мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "рақмет" айтуду. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сұрту.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Қасықтарымыз біздін, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне, дәмді тағам! Міне, пайдалы ас! Қасық түк те қалдырмас!</p> <p>Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу.</p> <p>Мақсат-міндеттері: ас ішү мәдениетімен таныстыру; қасық, шанышқыны дұрыс қолдануды үйрету; тамақтанғанда сөйлемеуді әдетке айналдыру.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</p>
Құндізгі үйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.
Бірте-бірте тұрғызыу, сауықтыру шаралары	<p>Ұйқылашар жаттығулары.</p> <p>Керует жанындағы жаттығулар</p> <p>"Құстар"</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. "Құстар оянды". Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр». 2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айтуду. 3. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы

	<p>қалыпқа келу.</p> <p>4. "Құстар көңілденіп жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру.</p> <p>(дene шынықтыру)</p>
Бесін ас	<p>"Колды қалай дұрыс жуу керек».</p> <p>Сабынды қалай дұрыс ұстау, колды сабындау, оны сұрту керектігін түсіндіру.</p> <p>Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан колды қалай сұрту керектігін көрсету.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)	<p>"Гүлдерді бақшага отырғызыңық" дамытушы ойыны (қысқыштармен жаттығу).</p> <p>Балалардың қолдарының ұсақ моторикасын, ойлау қабілетін дамыту; "отырғызылған" гүлге қарап, қуанышқа бөленуге баулу.</p> <p>Құралдар: қатпа қағаз беті (бау-бақша алаңы), гүлдер (түрлі дағдыландыру;</p> <p>Жапсырудан ойын-жаттығу "Бұлттар ұшып келеді". Мақсат-міндеттер. Балалардың көгілдір түсті қағаз бетіндегі бұлттардың кескіндеріне желімді қылқаламмен жағып, қағаз бетінің барлық жеріне жапсыруға үйрету; сұлгіні қолдана білу қабілетіне</p> <p>Қоршаған ортамен танысадан ойын-жаттығу "Ешкі мен лак". Мақсат-міндеттер. Балалардың үй жануарлары ешкі мен лақтың тіршілігімен таныстыра отырып, олардың адамға тәуелділігі жөнінде үфімдар беру; сурет мазмұнында аталған кейіпкерлерді байқап, атап, үқастықтарын</p> <p>Сурет салудан ойын-жаттығу "Қозы". Мақсат-міндеттер. Балалардың қозы кескінін бақылауға қызығушылықтарын оятып, қарындаш үшімен қозының үстіндегі жүнін ұсақ бүйра оюлармен толтыруға үрету; қозының шиыршықталған бүйра жүнін бір-біріне тығыз салуға</p> <p>Шенберде ойын. "Күн ойнап тұр күлімдеп". Мақсат-міндеттер. Балаларға Әтеш кейіпкеріне эмоционалды жауап беруге баулу; сөздерге қосылып, шенберге жиналу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>- Әтеш ерте оянады, "Тұрындар!" – деп шақырады.</p> <p>Кек аспанға күн</p>

	<p>гүлдердің бастары), кір қысқаштары.</p> <p>Балаларға қысқышты ұстап, гүлдің басын қатпа қағазға қысып, жапсыруға үйрету.</p> <p>Балалар жұмыстарын жасап болғаннан кейін педагог Т. Молдағалиевтің "Гүлдер" тақпағын мәнерлеп оқиды.</p> <p>балалар тақпақты оку барысына қосылуы мүмкін.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, сенсорика)</p>	<p>балалардың байқағыштығы мен икемділігін, қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауын, зейінін дамыту; балалардың табиғат күбылыстарына қызығушылықтарын ояту; жапсыруда төзімділік пен тиянақтылық негіздеріне тәрбиелеу.</p>	<p>байқап, көрсетуге машиқтау; ертегі мазмұнының сөздерінен кейіпкерлерді тануға талпындыру.</p>	<p>дағдыландыру; үй жануарлары мен олардың төлдеріне көктемде қамқорлық жасау керек екені туралы түсінік беру.</p>	<p>шығады,</p> <p>Достар ойынға шығады.</p> <p>Күн ойнап түр күлімдеп,</p> <p>Аспан төрінде билеп,</p> <p>Алтын сақадай қызып,</p> <p>Шенберлерде жүргізіп.</p> <p>Д. Ахметова</p> <p>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>
Балалармен жеке жұмыс	<p>"Жуыну әні" атты мультфильмін көрү.</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Мультфильмнің бас кейіпкерлерінің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру; жуыну рәсіміне еруге</p>	<p>- Алдымында үзынша, Жайылып түр жолақша.</p> <p>Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық.</p> <p>Секіреміз оп-оп!</p> <p>Біз жүреміз топ бол.</p> <p>Д. Ахметова</p>	<p>"Ара" артикуляциялық жаттығуы.</p> <p>Оның жалғыз білгені, Ағаш, тақтай тілгені.</p> <p>Асықтырып өз-өзін:</p> <p>"Тез-з, тез-з, тез-з!"- деп жүргені.</p> <p>Жәнібек Кәрбозин.</p>	<p>"Аяда кішкентай қозы бар!" атты мультфильмін көрү.</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларды бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру.</p>	<p>"Қозы қалай қымылдайды?"</p> <p>- Қозы қалай қымылдайды?</p> <p>Денесін тұзу ұстайды.</p> <p>Басын оңға-солға шайқап,</p> <p>Аяқтарын жинайды.</p> <p>Орнында тыныш</p>

	ынталандыру. (сөйлеуді дамыту, музика)	(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	(сөйлеуді дамыту, музика)	түрмайды, Секіреді, ойнайды. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)
Серуенге дайындық	<p>"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұсташа туралы".</p> <p>Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұсташың маңыздылығы жайлы айтуды, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктірімен таныстыруды, киімдегі олқылықты байқауды үйретуді.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
Серуен	<p>Тұсқі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыруды.</p> <p>(коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>				
Серуеннен оралу	<p>Өз шкафын белгі бойынша тауып алууды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйретуді.</p> <p>(дербес қимыл әрекеті)</p>				
Кешкі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көніл-күй тудыруды. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішүү мәдениетімен таныстыруды. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйретуді.</p> <p>Ас-су ішкенде сөйлемеуді.</p> <p>Тамақтанып болған соң "рақмет" айтуды.</p> <p>Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкеледі) және бетін алақандарымен жууды, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сұрту.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Қасықтарымыз біздін, Таңқалдырап барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне, дәмді тағам! Міне, пайдалы ас!</p>				

	<p>Қасық түк те қалдырмас! Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Мақсат-міндеттері: ас ішү мәдениетімен таныстыру; қасық, шанышқыны дұрыс қолдануды үйрету; тамақтанғанда сөйлемеуді әдепте айналдыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</p>
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (музыка) Мақсат-міндеттер. Қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ, сырнай) дыбыстарымен таныстыру. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуда ынталандыру. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу. Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мұсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мұсіндеу, сурет салу, құрастыру) Мақсат-міндеттер. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұсташа, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сыйықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. Мұсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сұрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. Саусақ моторикаларын және танымды дамытатын ойындар. (сенсорика)</p>

	<p>Мақсат-міндеттер. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Табиғат бұрышын зерттеуге және қоршаған ортамен тынсуға арналған ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сұлгілерді ауыстырады) үйрету. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу. Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.</p>
Балалардың үйге қайтыу (ата-аналарға кенес)	Әңгімелесу: "2-3 жасар баланың ақыл-обының ерекшеліктері", "2-3 жасар бала өзі туралы нені білуі және айта алуы керек?".